

РЕЗОЛЮЦИЯ

«Цифрлық қоғамда балалардың дағдылары мен сөйлеу тілін дамыту: мәселелері, шешімдері және перспективалары»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

2025 жылғы 13 маусым

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына Қазақстан Республикасының педагогикалық қауымдастығының 150-ден астам өкілдері: оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, шетелдік және отандық ғалымдар, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары, еліміздің жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамы қатысты. Конференция АР19677736 «Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» жобасын іске асыру аясында ұйымдастырылды.

Конференцияға қатысушылар цифрлық қоғам жағдайындағы балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселелерін, дағдыларды интеграциялау тәсілдері мен оларды заман талабына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі және стандарт талаптарына сәйкес шешу жолдарын атап өтті. Пікірталас барысында балалардың сөйлеу тілінің психологиялық-педагогикалық, лингвистикалық аспектілері, цифрландыру жағдайында балалардың сөйлеу тілін дамытудың интегративті дағдылары, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар мектепке дейінгі жастағы балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған тәсілдердің сабақтастығы мен интеграциясы бойынша педагогикалық әдістердің сапасын арттыру мәселелері талқыланды; цифрландыру жағдайында балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың перспективалары; ата-аналарға (занды өкілдерге) қолдау көрсету мен ағартудың ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілері қаралды.

Конференцияға қатысушылардың баяндамаларында мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселесінің маңыздылығы атап өтілді. Цифрлық қоғамда балалардың сөйлеу тілін дамыту талаптары дәл қазіргі сәтте өзекті болып отыр. Цифрлық қоғамда балалардың сөйлеу тілін және дағдыларын Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі мен МДТБС талаптарына сәйкес дамытуды интеграциялау және жетілдіру үшін стратегиялық маңызы бар басым бағыттарына мыналар анықталды және ұсыным ретінде тұжырымдалды.

Оғарту министрлігі үшін:

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің ең тиімді технологияларын, әдістемелері мен формаларын әзірлеу және енгізу.
2. «Тілге бойлау» бағдарламасын мектепке дейінгі ұйым практикасының қазіргі қажеттіліктерін ескере отырып іске асыру.
3. Балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша қазіргі заманғы тәсілдер мен принциптерді білім беру процесіне енгізу, сонымен қатар цифрлық қоғамда балалардың қауіпсіз әрі толыққанды дамуын қамтамасыз етуде МДҰ мен отбасының ортақ жауапкершілігін күшейту.
4. Цифрлық қоғамда баланың қажеттіліктері мен отбасылық тәрбиенің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтар мен ата-аналарды қолдау және ағарту бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілерге талдау жүргізу.
5. Сөйлеу тілін дамытудың МДҰ бағдарламаларынан бастап бастауыш мектеп бағдарламаларына дейінгі келісілген вертикалін құру: Коммуникативтік дайындықтың нақты көрсеткіштерін анықтау (байланыстырып сөйлеу, сөздік қор, диалог, тыңдау дағдысы, нұсқауды орындау).
6. Сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды ерте анықтау жүйесін құру, сөйлеу тілін түзету бойынша ойын және цифрлық технологияларды енгізу, отбасындағы балалардың сөйлеу тілін

қолдау стратегиялары бойынша ата-аналарға консультациялар мен мастер-класстар ұйымдастыру мәселелері бойынша педагогтар мен басшы кадрлардың жүйелі біліктілігін арттыру және кәсіби қайта даярлауды қамтамасыз ету.

7. Цифрлық мәдениет және балалардың сөйлеу тілін дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. ЮНЕСКО, OECD, UNICEF халықаралық бастамаларына қатысу.

Мәдениет және ақпарат министрлігі үшін:

1. Сөйлеу тілін дамытуға арналған цифрлық мәдени ресурстарды ілгерілету: әртүрлі жас топтарына бейімделген әңгімелер, ертегілер, аудиокітаптар және мультимедиялық материалдардың ұлттық цифрлық кітапханасын құру. Интерактивті мәдени-тілдік материалдары бар платформаларды дамыту (дыбысталған ертегілер, дидактикалық мультфильмдер, цифрлық сөйлеу зертханалары). Балаларға арналған ұлттық контентті қолдау.

2. Қазақ тіліндегі сапалы балалар контентін (мультфильмдер, подкасттар, аудиертегілер, кітаптар) жасауға жағдай жасау. Балалардың сөйлеу тілін және мәдениетті дамыту бағытында жұмыс істейтін авторларды, суретшілерді, аниматорларды және баспаларды қолдау.

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы инклюзивті мәдени бағдарламаларды әзірлеу.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі үшін:

1. Мәдени құндылықтарды цифрлық білім беру ортасына интеграциялау. Цифрлық қосымшалар мен білім беру платформаларына мәдени және фольклорлық компоненттерді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

2. Мәдени алаңдар арқылы ата-аналардың цифрлық медиасауаттылығын дамыту. Ата-аналарға цифрлық қауіпсіздік, сөйлеу тілін дамыту және мәдени тәрбие мәселелері бойынша мұражайларда, кітапханаларда және мәдени орталықтарда ағартушылық жобалар циклін ұйымдастыру. Ата-аналарға мәдени

және цифрлық ресурстарды дұрыс пайдалану және отбасындағы «экран уақытын» ұйымдастыру бойынша бейнесабақтар, вебинарлар және ұсынымдар әзірлеу.

Жоғары оқу орындары үшін:

1. Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын жаңартып, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды ерте анықтау, ТДТ алдын алу, түзету педагогикасы және логопедия бойынша модульдерді енгізу.
2. «Сөйлеу тілін дамытудағы цифрлық құралдар», «мектепке дейінгі білім беруде storytelling», «XXI ғасырдың логопедиялық технологиялары» атты тәжірибеге бағытталған курстар әзірлеу.
3. ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру. ППҚ үшін заманауи ғылыми орталықтарда, логопедиялық клиникаларда, серіктес университеттерде курстар мен тағылымдамалар ұйымдастыру. Оқытушыларды ЮНЕСКО, OECD, UNICEF бағдарламаларына қатыстыру.
4. ЖОО мен мектепке дейінгі ұйымдар арасындағы тәжірибеге бағытталған өзара әрекеттестікті нығайту.
5. Сөйлеу, коммуникация және цифрлық технологиялар мәселелері бойынша ғылыми зертханалар құру.